



**Акционерлердің жалпы
жиналысының отырысын өткізбей
сырттай дауыс беру арқылы
2022 жылғы 12 сәуірге белгіленген
«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің
кезектен тыс жалпы жиналысының
материалдары**

Нұр-Сұлтан 2022

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ
МӘЖІЛІСІНІҢ ХАТТАМАСЫНАН ҮЗІНДІ

№ 5/2022 пункт 10

Нұр-Сұлтан қаласы

ВЫПИСКА ИЗ ПРОТОКОЛА
ЗАСЕДАНИЯ СОВЕТА ДИРЕКТОРОВ

« 4 » ноября 2022 ж./г.

город Нур-Султан

**«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің кезектен тыс
жалпы жиналысын шақыру туралы**

«ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесі **ШЕШТІ:**

10.1. «ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы 2022 жылғы 12 сәуірде сырттай дауыс беру арқылы «ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысының отырысын өткізбей келесі күн тәртібімен шақырылсын:

«ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесін сайлау туралы.

10.2. «ҚазТрансОйл» АҚ бас директоры (Басқарма төрағасы) Т.Н. Құрманбаев осы шешімді іске асыру бойынша қажетті шараларды белгіленген тәртіппен қабылдасын.

Корпоративтік хатшы



А. Шманов

**«ҚазТрансОйл» АҚ
Акционерлері жалпы жиналысының шешімі**

«ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесін сайлау туралы

«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселені және ұсынылған материалдарды қарап, «ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы **ШЕШТІ:**

«ҚазТрансОйл» АҚ бас директоры (Басқарма төрағасы) Талғат Нәсимоллаұлы Құрманбаев жалпы «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесі үшін белгіленген мерзімге «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайлансын.

«ҚазТрансОйл» АҚ
Акционерлері жалпы жиналысының
2022 жылғы « _____ » _____ № _____
шешімінің жобасына қосымша

ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесін сайлау туралы
мәселе бойынша түсіндірме жазба

Нұр-Сұлтан қ.

2022 жылғы « _____ » _____

1. Мақсаты мен міндеті

«ҚазТрансОйл» АҚ (бұдан әрі – Қоғам) Директорлар кеңесінің мүшесін сайлау.

2. Экономикалық тиімділік

Көзделмеген.

3. Акционерлер жалпы жиналысының қарауына шығарылатын мәселені жүргізілген сараптама (қаржылық, заңдық, техникалық) туралы ақпаратты аша отырып, қысқаша сипаттау

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 36-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына және Қоғам Жарғысының 10-бабы 1-тармағының 10) тармақшасына сәйкес Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау Қоғам Акционерлері жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатады.

Қоғам Директорлар кеңесі (2022 жылғы 4 наурыздағы №5/2022 отырыс хаттамасы) Қоғам Директорлар кеңесінің мүшесін сайлау туралы күн тәртібі мәселесімен Қоғам Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысын 2022 жылғы 12 сәуірге шақыру туралы шешім қабылдады.

Қоғам Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының шешімімен (2021 жылғы 25 қарашадағы №3/2021 хаттама) 3 (үш) жылдық өкілеттік мерзіммен 6 адамнан тұратын Қоғам Директорлар кеңесінің құрамы айқындалғанын және Директорлар кеңесінің мүшелері, оның ішінде Қоғам бас директоры (Басқарма төрағасы) Д.Ф. Досанов сайланғанын атап өту қажет.

2022 жылғы 14 қаңтарда Қоғам Директорлар кеңесінің шешіміне (2022 жылғы 14 қаңтардағы №1/2022 отырыс хаттамасы) сәйкес Қоғам бас директоры (Басқарма төрағасы) Д.Ф. Досановтың өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды. Осы күннен бастап Заңның 55-бабының 4-тармағына сәйкес Д.Ф. Досановтың жазбаша хабарламасы негізінде оның Қоғам Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі тоқтатылды.

Қоғам Директорлар кеңесінің шешімімен (2022 жылғы 23 ақпандағы №4/2022 отырыс хаттамасы) Қоғам бас директоры (Басқарма төрағасы) Талғат Нәсимоллаұлы Құрманбаев сайланды.

Қоғам Директорлар кеңесінің шешімімен (2012 жылғы 10 қыркүйектегі №12/2012 отырыс хаттамасы) бекітілген «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің Кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитеті туралы ереженің 10-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, Қоғам Директорлар кеңесінің Кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитеті (бұдан әрі – Комитет) Қоғамның Директорлар кеңесіне кандидаттардың тізімін қалыптастыру жөнінде ұсыныстарды, кейіннен оны Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамына сайлау үшін ұсынылған кандидаттарға қатысты түйіндемелермен, бағалаулармен және ұсынымдармен бірге Акционерлердің жалпы жиналысына жібере отырып, Директорлар кеңесінің мүшелігіне дайындайды.

Комитеттің шешімімен (2022 жылғы 4 наурыздағы №4/2022-ККиВ отырыс хаттамасы) Қоғам Директорлар кеңесінің құрамына сайлау үшін Қоғам бас директоры (Басқарма төрағасы) Т.Н. Құрманбаевтың кандидатурасын белгілеу ұсынылды.

Қоғам Директорлар кеңесі (2022 жылғы 4 наурыздағы №5/2022 отырыс хаттамасы) Комитеттің жоғарыда көрсетілген ұсынымын мақұлдады және Қоғам Директорлар кеңесінің құрамына сайлау үшін Қоғам бас директоры (Басқарма төрағасы) Т.Н. Құрманбаевтың кандидатурасын белгіледі.

Осыған байланысты жалпы Қоғам Директорлар кеңесі үшін белгіленген мерзімге Қоғам Директорлар кеңесінің мүшесі етіп Қоғам бас директоры (Басқарма төрағасы) Т.Н. Құрманбаевты сайлау ұсынылады.

Занның 54-бабының 3-тармағына сәйкес Директорлар кеңесінде бір орынға бір кандидат дауысқа түсетін жағдайды қоспағанда, акционерлер дауыс беруге арналған бюллетеньдерді пайдалана отырып, кумулятивтік дауыс беру арқылы Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлауды жүзеге асырады.

Директорлар кеңесінде бір орынға бір кандидат дауысқа түсетінін назарға ала отырып, дауыс беру «бір акция – бір дауыс» қағидаты бойынша жүзеге асырылады.


4. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігі

Қоғам Директорлар кеңесінің мүшесін сайлау туралы мәселе бойынша шешім қабылдау Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейді.

5. Шешім қабылдау немесе қабылдамау жағдайындағы негізгі проблемалар, тәуекелдер, ықтимал салдарлар

Аталған мәселе бойынша шешім қабылдау қандай да бір проблемалар мен тәуекелдердің туындауына әкеп соқпайды.

Директорлар кеңесінің
төрағасы



Д. Берлібаев

**«ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесіне
мүшелікке кандидат туралы ақпарат**

1. Тегі Аты Әкесінің аты

Құрманбаев Талғат Нәсимоллаұлы

2. Кандидатты ұсынған акционердің атауы:

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ

3. Білімі туралы мәліметтер (оқу орнының атауы, бітірген күні, алған мамандығы, оның ішінде біліктілігін арттыру туралы):

- *Қазақ мемлекеттік заң академиясы (ҚазМЗА) (1996-2000жж.), мамандығы – құқықтану;*

- *Қазақ мемлекеттік ұлттық техникалық университеті. Қ. Сәтпаев (ҚазҰТУ) (2004-2006жж.), мамандығы – инженер.*

4. «ҚазТрансОйл» АҚ-қа үлестестік туралы мәлімет:

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 64-бабы 1-тармағының 3) тармақшасы негізінде «ҚазТрансОйл» АҚ-тың үлестестік тұлғасы болып табылады

5. Соңғы үш жылдағы жұмыс орындары және атқарған лауазымдары туралы мәлімет:

- *2022 ж. ақпан – осы уақытқа дейін – «ҚазТрансОйл» АҚ бас директоры (Басқарма төрағасы);*

- *2020 ж. ақпан – 2022 ж. ақпан – Қазақстан Республикасы Энергетика Министрлігінің мұнай өнеркәсібін дамыту департаменті директорының орынбасары;*

- *2019 ж. қазан – 2020 ж. ақпан – «ҚазМұнайГаз-Аэро» ЖШС Бас директордың операциялық мәселелер жөніндегі орынбасары;*

- *2019 ж. сәуір – 2019 жылғы қыркүйек – «ҚазМұнайГаз-Аэро» ЖШС Бас директордың корпоративтік басқару жөніндегі орынбасары;*

- *2019 ж. ақпан – 2019 ж. наурыз – «ҚазМұнайГаз-Аэро» ЖШС Бас директордың бірінші орынбасары.*

6. Осы заңды тұлғалардың жарғылық капиталындағы өзіне тиесілі акциялардың, үлестердің және/немесе пайлардың санын көрсете отырып, кандидат акционері және/немесе қатысушысы болып табылатын, заңды тұлғалардың тізбесі:

Иеленбеген

7. Кандидаттың «ҚазТрансОйл» АҚ үлестес тұлғаларымен қатынастары туралы мәлімет:

Жоқ

8. Өтелмеген/өтелген соттылығы немесе заңда белгіленген тәртіппен алынбаған/алынған соттылығы туралы мәліметтер (анықтама), сондай-ақ соттың кандидатты меншікке қарсы, экономикалық қызмет саласында немесе коммерциялық немесе өзге де ұйымдардағы қызмет мүдделеріне қарсы қылмыстар жасауда кінәлі деп танығаны туралы мәлімет және көрсетілген қылмыстарды жасағаны үшін Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексіне сәйкес қылмыстық жауаптылықтан босату туралы мәлімет:

Соттылығы жоқ

9. Кандидаттың Директорлар кеңесіне ұсынуға келісімі туралы мәлімет:

Келісті

10. «ҚазТрансОйл» АҚ акцияларын иеленуі:

Иеленген жоқ